

УДК: 94(574  
МРНТИ 03.20.55

**Балжанова Г. Ж.**, гуманитария ғылымдарының магистрі, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-4847-3013>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, [erlan.alataev@mail.ru](mailto:erlan.alataev@mail.ru)

**Balzhanova G. Zh.**, master of Humanitarian Sciences ,the main author, <https://orcid.org/0000-0002-4847-3013>

NJSC "West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan", Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, [erlan.alataev@mail.ru](mailto:erlan.alataev@mail.ru)

## БАТЫС АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ POLITICAL AND PUBLIC ACTIVITY OF WESTERN ALASHORDA

### Аннотация

Мақалада Батыс Алашорданың соның ішінде Бөкейлік Алаш қайраткерлерінің өмірдеректеріне тоқтала отырып, мол және ғылыми мәліметтер берілді. Олардың атқарған әлеуметтік, қоғамдық, саяси қызметтері ашылды. Батыс Алашорда қайраткерлерінің саяси, қоғамдық қызметтері және бірнеше Алаш тақырыбындағы еңбектер, құжаттар, ғылыми мақалалар қарастырылды. Батыс Алашорда қызметінің басты мәселесі ұлттық, азат мемлекетті дамыту жолындағы еңбектеріне мән беріледі. Алаш қайраткерлері мен зиялы қауымның ортақ түсінігі мен байламы бойынша отарлық қанау мен езгі жағдайында ең бастысы ұлттық, мемлекеттік мүддені жоғары қойып, қазақ елі, қоғамның басқа да әлем халықтарымен тең дәрежеде дамып, өркендеуінің ең басты көрсеткіші ретіндегі ұлттық мемлекетті құру жолындағы еңбектері ашылды. Бөкей Ордасындағы көзі ашық көкірегі ояу қазақ азаматтарының, жастарының ұлт-азаттық, демократиялық дамудың әсерімен саяси-қоғамдық өмірге араласып, мәдени-ағартушылық ұйымдар құрғандығына және олардың қызметіне де мән берілді. Қоғамдағы жаңалықтарды барынша терең және жан-жақты таныған зиялы тұлғалардың қазақ халқының ұлттық санасының оянуы жолындағы қызметтері қарастырылды.

### ANNOTATION

The article presents extensive scientific information about the life of representatives of the western branch of the Alash Party, including the Bukey Orda descendants, their political and public activities are revealed. The main problem of the Alash movement is the struggle for freedom and the creation of a national state to protect national interests in conditions of colonial oppression. According to the general understanding of the national intelligentsia, which supports the national interest in the conditions of colonial oppression, the main indicator of the development of the Kazakh people on the equal position with the peoples of the world was the creation of national state. It is noted that the Kazakh youth who studied in the Bukey Orda, under the influence of the national-democratic revival of that time, the socio-political life was activated, the first cultural and educational organizations were created. Special attention is paid to the intelligentsia, comprehensively and fully aware of the changes in society and their role in the national self-consciousness revival of Kazakh people.

**Кілтті сөздер:** Батыс Алашорда қайраткерлері, Бөкей Орда, Алаш партиясы, Алашорда, «Қазақстан» газеті, F.Мұсағалиев, Алашорда үкіметі.

**Key words:** Figures of Western Alashorda, Bokei Orda, Alash party, Alashorda, newspaper "Kazakhstan", G.Musagaliev, Government of Alash Orda.

**Кіріспе.** XX ғасырдың басы әсіресе 1917 жыл қазақ қоғамы мен мемлекетке үлкен

өзгерістер алып келгенімен, жиырмасыншы ғасыр қиында қасіретті саяси, тарихи оқиғаларға толы болғаны анық. Сол дәуірдегі дүрбелеңнің әсерінен қоғамның сана-сезімі санқилы саяси, әлеуметтік, экономикалық қайшылықтар мен шиеленістерге куә болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Алаш қайраткерлері туралы жаңа тың зерттеулер жасалып, тарих беттері толықты. Алашорда қайраткерлері 1917 жылғы екі төңкеріліс кезінде қоғамдық-саяси қызметке белсенді атсалысты. Алашорда автономиясын құру кезінде Алаш қайраткері Ә.Н.Бөкейхановқа барлығы сенімді де саяси серік бола білген қоғам қайраткерлері арасында еліміздің батыс өлкесінен шыққан зиялы қауымды әсіресе Ғұмар Қарашты, Ғабдолғазиз Мұсағалиевті, Бақтыгерей Құлмановты, Мақаш Бекмұхамедовті, Шәңгерей Бөкеевті ерекше атап өткен жөн. Батыс Алашорда қайраткерлері қызметі мен өмірі, шығармашылығы жөнінде көптеген ғылыми еңбектер, архив құжаттары зерттеліп жазылды. Соның ішінде: Алаш Орда тарихының Күнбатыс бөлімін тарихи тұрғыдан зерттеген Д.Д.Сулейменова, қоғам қайраткері Ғ.Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін ғылыми зерттеген Б. С. Боранбаева, Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің өмірдерегі мен қызметін зерттеген А.С. Мағзомованың еңбектеріне тоқталсақ. Сонымен қатар өлкетанушы Исатай Кенжалиевтің «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920 ж.ж.)» т.б. еңбектері мен ғылыми жұмыстарын атауға болады.

Тарихшы ғалым Кеңес Нұрпейіс «...Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресі, оның дүниежүзілік қауымдастықтың тең дәрежедегі мүшелерінің біріне айналуы ұлттық рух, ұлттық сананың қоғамымыздың дамуының ең мықты күші болуына жол ашады. Ұлттық рухын жоғалтқан халық ел бола алмай, еріксіз, жігерсіз тобырға ұқсайды. Кез-келгеннің құрығына түсіп, мойынсұнып, оның артында, жетегінде кете береді...» [1,21-бет] – дей отырып, қазіргі заман талабына сай, қазақтың салт-дәстүрін, тілін сыйлайтын, қазақтың дінін, ұлттық ділін терең ұғынған және бойына дарыта білетін, салауатты да сауатты ұрпақтың өсіп-өнуі үшін барлық жағдайлар жасау қажеттігіне көңіл бөле отырып, баса назар аударады.

XX ғасыр басында әсіресе 1905-1917 жылдарда қазақ еліндегі ұлттық зиялылар мен қайраткерлердің қалыптасу процесімен Мемлекеттік және ұлттық мүдделерді көтеру және дамыту мәселесі терең астасып өріліп, өрбіп жатты. Ұлттық, мемлекетшілдік сананың, рухани ояну сезімінің дамуы, сөзсіз алға басқан, прогрестік құбылыс ғана болып қоймай, халықтың ұлттық рухани бірлігінің әрі қарай нығаюына, ұлттық мақтанышқа құрылған ойы мен сезімінің қалыптасуына қажетті қолайлы жағдай жасады. Ол туралы тарихшылар мақалаларында: «XX ғасырдың басындағы қазақ аймақтар мен Түркістанда пайда болған ұлт-азаттық қозғалыстар Дүниежүзілік отаршылдыққа қарсы қозғалыстың бір бөлігі болды. Әрине, бұл аймақтық оқиғалар жаһандық қозғалыстарға ұқсас, бірақ олардың ұлттық, конфессиялық ерекшеліктері де болды. 1917 жылғы екінші орыс төңкерілісі арасындағы саяси толқулардан аман өткен аймақтағы ұлт-азаттық қозғалыс Тәуелсіздік үшін саяси күрестің пайдасына дәлел келтіретін маңызды саяси тәжірибеге ие болды» «XX ғасырдың басындағы қазақ аймақтары мен Түркістанда пайда болған ұлт-азаттық қозғалыстар Дүниежүзілік отаршылдыққа қарсы қозғалыстың бір бөлігі болды. Әрине, бұл аймақтық оқиғалар жаһандық қозғалыстарға ұқсас болды, бірақ олардың ұлттық, конфессиялық ерекшеліктері де болды. 1917 жылғы екінші орыс революциясы арасындағы саяси толқулардан аман өткен аймақтағы ұлт-азаттық қозғалыс Тәуелсіздік үшін саяси күрестің пайдасына дәлел келтіретін маңызды саяси тәжірибеге ие болды» [2, 99-бет] деп атап көрсеткен. Яғни Алаш қайраткерлері әрдайым болып жатқан өзгерістерді оң қабылдап, жан-жақты және терең талдай отырып, түсініп, халықты оянуға, сауаттылыққа қарай шақырды.

Алаш қозғалысы мен Алаш қайраткерлерінің ең басты толғанысы, жүзеге асыруға тырысқан мәселесі ұлттық мемлекет құру мен азаттық, бірлік, ынтымақ еді. Алаш зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің ортақта бір жақты, маңызды түсінігі бойынша отарлық езгі мен отарлау жағдайында ұлттық, халықтық мүддені барынша қолдап, қазақ елі мен мемлекетінің басқа халықтарымен әрдайым терезесі тең ел болып дамуы мен көркеюінің ең басты көрсеткіші ұлттық мемлекет құру еді [3]. Өйткені ол сол кездегі заман талабы болатын.

Қазақстандағы Алаш қозғалысы әлемдегі және Ресейдегі болып жатқан ұлт-азаттық қозғалыстың бір бөлігіне айналды. Ал, сол кездегі Батыс Алашорда зиялыларының қалыптасуында басты орын алып, оларға бағыт-бағдар беріп, саяси тұлға болып қалыптасуына бірден-бір зор үлесін қосқан Батыс Қазақстандық яғни Бөкейордалық тарихи тұлғалар мен қайраткерлерді де атап өткен жөн.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланы жазу барысында тарихилық, объективтілік, нақтылық, логикалық талдау сияқты жалпы ғылымдық, арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Әсіресе, ғылыми дәстүрлерді тарихилық тұрғысынан зерделеу, оларды бағалаудың маңызы зор. Объективтілік әдісі тарихи құбылыстар мен үдерістердің барлық күрделілігі мен қайшылықтарын қамтып, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер зерттеу тақырыбының әсіресе өзектілігін ашса, мақалада тарихи тұлғалардың өмірдеректері мен саяси қызметтерін кеңінен ашуға мүмкіндік берді. Алаш тарихы – жаңару мен өзгеруге ұмтылған, тарихи, мәдени сабақтастықты жалғастырып, үзбеген, білім мен халықтық мүддені, елшілдікті ғана басым бағыт ретінде алған, ұлттық, азаттық серпілудің мол тарихы. Алаш қайраткерлерінің ақтардан одақтастарды табу әрекеттері нәтижесіз болды: кеңестермен күресетін кез-келген партиялармен одақ (Сібір үкіметі, Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті, Дутов, Колчак және т.б.) оларды стратегиялық мақсаттарынан алыстатты. Одақтастардың ешқайсысы қазақтарға ұлттық автономия бергісі келмеді, олардың барлығы бірдей "Бөлінбейтін және біртұтас Ресей" қағидасына адал болып қала берді. Алаш Орда тәуелсіз ұлттық жолды ұстануға көмектесе алатын саяси одақтастарды таба алмады. 1918-1920 жылдардағы оқиғалар барысында Алаш басшылары ұлттық егемендік идеясын, негізінен саяси және әскери жағдайға байланысты жүзеге асырудың мүмкін еместігін түсінді [4].

Қазақ зиялылары арасынан дараланып шыққан зиялылар көбіне гимназияда, жоғары оқу орындарында, орыс қазақ мектептерінде оқып, қандай білім-ғылымға ден қойса да, ілгері қатарлы ой пікірлердің бастаушысы болды. Мемлекетке еніп келе жатқан дамуды жақсы қабылдап, оны халқының дәстүр салтымен сабақтастырып отырды. Қандай жағдайда да алдыңғы орында болған алаш зиялылары қоғамдық саяси, мәдени қызметтерінің барлығын халықтың игілігі мен болашағы үшін арнады. Батыс Алашорда қайраткерлерінің бірі – Бақтыгерей Құлманов 1857 жылы Бөкей губерниясындағы сұлтандар жанұясында өмірге келген [5]. 1888 жылы Санкт-Петербург қаласындағы императорлық жоғары оқу орнының шығыстану факультетін аяқтаған. Шығыс тілдер саласында бірінші рет ғылым кандидаты атағын алған қазақ халқынан шыққан тұңғыш зиялы. Ол университетті бітірген соң 1889-1903 жылдар аралығында Бөкей Ордасының Қамыс-Самар бөлімінің басқарушысы қызметін атқарды. 1903 жылышілде айында Бөкей Орадасында Уақытша Кеңеске қазақ ұлты бойынша кеңесші ретінде тағайындалған. Осы жұмыстан 1906 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ресейдің І, ІІ Мемлекеттік Думаларына Батыс Алашорда қазақтары тарапынан екі мәрте депутат болып сайланған [6]. 1917 жылғы Петерборда болған ақпан төңкерісінен кейін Уақытша Үкіметтің қазақ жеріндегі комиссары болды, сол жылы 19-21 сәуірде өткен барлық Бөкейлік съезінде құрылған Бөкей Ордасындағы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы ретінде сайланады. Съезде Ресейдің болашақ мемлекеттілігі туралы нақты тұжырым жасалды: "Ресейде демократиялық федералды парламенттік республика болуы керек" Конгресс қатысушыларының пікірінше, Қазақстанның Ресеймен интеграциясы өңірлерге автономия мәртебесін беру бағыты бойынша жүруі тиіс еді. Жергілікті өзін-өзі басқару Уақытша Үкіметтің жарлығымен құрылуы керек болыстық земстваларға тиесілі болуы керек деп болжалды. Кейіннен бұл мәселе Ақмола, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін енгізу арқылы шешілді [7]. Бұдан біз тарихи тұлғаларымыздың Алашорда үкіметі мен «Алаш» партиясының белсенді мүшесі ретінде танылғандығын байқаймыз. Сонымен қатар Батыс Алашорданың белсенді де беделді басшыларының бірі болды.

Мақаш Бекмұхамедов, Б.Жанқадамов, К.Жаленовтармен бірге қазақтан қара жұмысқа, майданға адам алуды кейінге қалдыруды сұрап, Петербургке барған адманың бірі. Ол Қазан қаласындағы Университетті, Бақтыгерей Құлманов болса Петербор қаласындағы университетінің шығыс тілі факультетін, жеті студент Стамбулдағы діни бағыттағы семинарияны аяқтады. Ал, Ғабдолғазиз Мұсағалиев болса Мысыр қаласындағы дарулфанныннің яғни университетті толық аяқтап, тағы да бір оқу-орнын бітіріп, шығыс тілдер ішінен сегіз тіл білген.

Алаштықтарды Кеңес үкіметіне тарту уақытша құбылыс болғанын түсінді. Өйткені большевиктерге бітістіру саясатын жүргізуге тура келген болатын. Бөкей Ордасындағы Жәңгір хан мектебін аяқтағаннан кейін Мақаш Бекмағамбетов Орынбордағы Неплюев кадет корпусына түседі. Ол шығыстанушы ғалым (Ы.Алтынсаринге де ұстаздық қызмет еткен) В.В.Григорьевтің

дәрісіне де қатысады. Оның саяси сауатының ашылуына жол береді. Ұстазының үйіндегі бай кітапханасындағы әлем әдебиетінің түрлі классикалық үлгілерімен танысып, онда өзінің достарымен бірге барып оқуды әдетке айналдырады. Онымен бірге С.Жантөрин, М.Саңғырықов, С.Шалабаев, Ж.Ниязов А.Бөкейханов сияқты болашақ Алашқа қызмет еткен қайраткерлер бар еді. Оқуын сәтті аяқтап, елге оралғаннан кейін де ол тілмаштық қызмет атқарып, соңынан Каспийдің терістігіндегі 1-ші және 4-ші округтерді бірге Атырау облысының қазіргі Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Индер аудандарының біраз бөлігі басқарушысы әкім қызметтерін атқарады [8].

Ұлттық зиялы қауымның большевизмге наразылығы, шиеленісуі және ұлттық мәселені шешудің болмауы Ресейдің түркі халықтары арасындағы революцияның әлеуметтік негізі болған жұмысшы табының рөлі туралы саяси пікірталастарданда көрінді. Большевиктердің жағына өткен ұлттық элитаға Кеңес өкіметі "тек орыс пролетариатының диктатурасы арқылы құрылуы мүмкін" деген түсінік берілді. қоғамдық қатынастардың жаңа жүйемен жақындасуы этникалық сәйкестілікке түбегейлі өзгерістерді қажет етті [9]. Бұл аймақтың территориясы қазіргі, Исатай ауданының Таскран учаскесінен бастап Астрахань облысына қарасты Құмөзек ауданына дейінгі бірнеше аумақты қамтып жатыр. Яғни оған Исатай, Құрманғазы, Индер, Ресейдің Володар Қызылжар саяқты аудандарының барлық бөліктері енеді. Ол 1892-1897 жылдар аралығында Ішкі Ордадағы Уақытша кеңестің кеңесшісі болады, одан кейін зейнеткерлікке шығуына орай әкімшілік қызметтен өз еркімен босайды. Осы кезде Мақашқа патшалық Ресейден жасауыл әскербасы шені сонымен қатар «Әулетті дворянин» деген құрметті дәреже беріледі. Сонымен қатар өзі басқарып отырған аймақта денсаулық сақтау ісі және халық ағарту ісін ұйымдастырудағы жоғары қызметі үшін патшалық Ресейдің жоғары мақтау белгілерімен, ордендерімен әрбір жыл сайын марапатталып отырған [10]. Кейбір нақты емес деректерге қарасақ, Мақаш өз өмірінде орыс патшасының үш рет қабылдауында болып, сегіз рет өтініш хат жазған делінген. Өмірінің соңғы 20-25 жылында денсаулық сақтау саласына, халық ағарту ісіне ерекше мән берген делінген. Кейбір жылдары Уфаның, Қазанның діни медреселерін бітірген жас жігіттерді елге алдырып, оларды қазақ балаларын оқыту үшін қызмет етуге жалдаған. Сол кезде халық арасында жиі болып тұратын аурулароба, сүзектердің алдын алу үшін Сарытау (Саратов), Астрахань қалаларынан арнаулы маман дәрігерлер алдырған, қазақ жерінде емдеуге қажетті амбулаториялық орындар аштырған деген деректер бар [11]. Бұл оның сол кездегі қазақ елінің, қоғамның қызметіне жан-жақты атсалысып, өркендеуіне атсалысқан бірден-бір тұлға ретінде атап өтуімізге негіз болады.

**Зерттеу нәтижелері.** Батыс Алашорданың тұлғаларының бірі де бірегейі – Бөкей Ордасының басқарушысы Жәңгір ханның немересі – Бөкеев Шәңгерей Сейіткерейұлы. Ол қазақ қоғамындағы азын-аулақ басқарушы ісіне жас кезінен араласқан. Шарифат заңдарын өте жақсы, жетік білген, сонымен қатар орыстың халық сайлайтын азаматтық (присяжный) сотының азаматтық істерді тексеріп, қазылық етуде басты қызмет атқаратын мировой сотының іс жүргізуіне бірден-бір тікелей араласқан тәржірибесі бар ақынның қарап, төрелігі етуіне ең қиын, іріңдеп ушыққан даулар ғана беріліп отырған. 1917 жыл қыркүйек айында Ордада өткен қазақ зиялыларының жиналысында ішкі және сыртқы даулы мәселелер қаралған. Оны ұйымдастырған атағы барлық аймаққа белгілі бөкейлік тарихи тұлғалар – Ғ.Қараш, Ш.Бөкеев, У.Танашев т.б. болды. 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен 1-ші жалпы қазақ съезіне Семей, Ақмола, Орал, Торғай, Сырдария, Ферғана, Жетісу облыстарымен бірге Бөкей ордасы жерінен де көптеген зиялылар қатысқан.

Ал сол жылы 5-12 желтоқсандағы Орынбор қаласында өткен екінші съезде Бөкей Ордасынан кейіннен Алашқа қызмет еткен Уәлиатхан Танашевта қосылды. Бұл съезге төраға болып Бақтыгерей Құлманов тағайындалды. Екінші съездің қорытындысы бойынша У.Танашев Алашорда үкіметінің министрі болып жарияланды.

Ал 1918 жылы маусым айында Самара қаласында өткен Құрылтай жиналысында Бөкейліктер арасынан шыққан өкілдер қазақ қоғамының мүддесін қорғау үшін бірнеше мәселелерді талқылап, көтерген. Сол кезеңдегі Батыс Алашорда тұлғаларының ішіндегі елеулі де танымалы, ірі қайраткерлерінің бірі - Ғабдолғазиз Мұсағалиев болды (1888-1933 жж.). Ғ.Мұсағалиев 1904-1909 жылдардағы Египеттің астанасы Каирдағы жоғары оқу орнының заң факультетін бітірген – заңгер [12]. Ол Үнді мұхиты арқылы өтетін кемемен бүкіл Азияны, Африканы аралап келеді. 1909-1910 жылдары әлемде болып жатқан ұлт-азаттық

қозғалыстарды, әртүрлі халықтардың тұрмыс-тіршілігін тану мақсатында Пәкістан, Индонезия, Жапония Үндістан сияқты Шығыс елдерінде болып қайтады Бірақ, өкінішке қарай, кейін Қазан төңкерісінен кейін бәрі қолды болып, бәрі жоғалып кеткен [13]. Төңкерілісті қазақ халқының отарлық езгі мен ұлттық құрсаудан босануға әкеледі деп таныды. Ол білімді заңгер ғана емес, сонымен қатар журналистік саланы да өте еркін меңгерген [14]. Қазақ елінде Ғабдолғазиз Мұсағалиев саяси-қоғамдық қайраткерлердің бірі ретінде саналған. Ол демократияшыл, прогресшіл пікірден айнымай, қатты берік ұстанған. Оған дәлел оның Ресейде шығып отырған «Тәржіман», «Шора» журналдарында, татар тілінде шығатын «Уақыт» («Вахт») деген газетінде татар тілінде жарияланған бірнеше мақалаларын айтуға болады [15]. Осы газет-журнал беттерінде жарыққа шыққан ақпараттар қазақ елін бостандыққа, теңдікке шақырды. Халықтың саяси санасының оянуына көмектесті.

Қалдыбай Асановта Батыс Алашорда қайраткері. Қазақтың алғашқы жоғары білімді экономисі. Кедей шаруа отбасында туып өскен. Әкесі жастайынан қайтыс болып, ағаларының қолында тәрбиеленген [16]. Жымпиты ауылындағы бір кластық орыс-қазақ мектебінде, екі кластық орыс-қазақ училищесінде білім алады. Сөйтіп 1909 жылы Саратов университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, 1914 жылы өте жақсы бітіріп шығады. 1916 жылғы тыл жұмысына алынады. 1917 жылы жазда елге қайты келіп, жымпиты уездік атқару комитетінде, соңынан уездік земство басқармасында жұмыс жасап, білімдарлығымен көзге түседі [17]. Сонымен қатар қазақ жігіттерінен атты әскер құруға белсене қатысады. Оның әскери шені прапорщик болды [18]. 1919 жылдан бастап Деникиннің ерікті армиясы есебінен жабдықтау ісіне қатысты. 1920 жылы Қызылқоғандағы Батыс Алашорда үкіметі мүшелірімен бірге тұтқындалды. Салық Омаровпен бірге қамалып, үстінен қылмыстық іс қозғалды. Батыс Алашорда қайраткерлерімен бірге араласып тұрғаны да қосымша айып болып тағылды. 1937 жылы қарашада ату жазасына кесілген [19]. Ол өз қызметінде ұлттық саясатта "жұмсақ сызықты" ұстанатын ұйымдардың қызметі өте жағымды болды. ал "қатаң сызықты" ұстанатын ұйымдардың қызметі теріс болды. Орталық Азия мен Қазақстандағы жер және су реформалары екі бағытқа да сүйенген "оң іс-қимыл империясы" бастамаларының жарқын мысалы болды. 1917 жылы "Алаш" көшбасшылары жер мәселесін ұлттық идея ретінде бейбіт жолмен реттеу туралы мәселені көтеріп, оны бағдарламалық құжаттарға енгізді. Алайда бұл мәселе қазақ өңірлеріндегі билік алдына екі себеп бойынша қойылған жоқ: біріншіден, 1919 жылғы маусымда Алаш Орда Үкіметі таратылды, ал Алаш партиясы таратылды; екіншіден, 1920 жылғы тамызға дейін Қазақстан аумағындағы саяси билік Революциялық Комитеттің қолында болды [20].

Шетел әдебиеттерінде келтірілген мәліметтерде «Алашистердің қазақ даласындағы революцияға дейінгі дәуірде болған облысын, олардың әлеуметтік жағдайына күмән келтірілген тұсын талдасақ. Олар Ресей империялық әкімшілігінің көзқарасымен ғана емес, сонымен бірге мұсылман элиталарымен және олардың мемлекеттілікті түсінуімен де ерекшеленді. Бұл айырмашылық әлеуметтік, тарихи және ең бастысы саяси факторлардан туындады. Мен байырғы элиталардың орыс емес, мұсылман және негізінен түркі саяси саласындағы әртүрлі ұстанымдарының ерекшеліктеріне тоқталамын. Мен салыстырмалы талдауды башқұрттардың да, қазақтардың да Бүкілресейлік мұсылман және Қоқан автономиялық қозғалыстарына қатысты мүдделері мен әлеуметтік жағдайының ұқсастығын атап өтер едім [21, 1138- бет] делінген. Бұл Алаш тарихының кең ауқымды және жан-жақты екенін көрсетеді. Батыс Алашорда тарихын жалпы XX ғасыр басындағы қазақ даласында болған саяси жағдайдың бір бөлшегі ретінде емес, тұтас ұлттың, халықтың, мемлекеттің тарихы ретінде қараудың маңызы зор.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе қазақ тарихындағы Алаш партиясы, Алашорда үкіметі тарихында Батыс Алашорда қайраткерлері, ірі тарихи тұлғалар – М.Бекмағамбетов, С.Меңдешев, Ш.Бөкеев, Б.Қаратаев, Ғ.Қараш, Ғ.Мұсағалиев, У. Танашевтар сол кезде орын алып жатқан қоғамдық-саяси оқиғалардан, заман өзгерісіне өзіндік үлестерін қосқандығы айқын. Біздің ата-бабаларымыздың мемлекеттің, қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күрестері, атқарған істері, қызметі, ұрандары – бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай. Қазіргі қолымыз жетіп отырған еркіндігімізді, тәуелсіздігімізді баянды ету үшін біз азаттықты, егемендікті арман еткен ата ұрпақтың аманатына берік болуымыз қажет. Ал XX ғасыр басында қазақ даласын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні ерекше. Біздің перзенттік

парызымыз бен ата рухы алдындағы адалдығымыз Алаштың аманатын арқалай отырып санамызға сіңіру, соған орай еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Қоғамда болып жатқан өзгерістерді жан-жақты әрі терең таныған зиялы тұлғалар қазақ халқының ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді терең де дұрыс талдап, әрі қарайғы өркендеуіне ықпал етті. Халықтың тәуелсіздігін аңсап, рухының жоғары болуын қалаған Алаш қайраткерлерінің сонымен Батыс Алашорда зиялыларының осы мұрат мақсаттары да, көзқарастары да үндес еді. Алаштықтардың ғасыр басында ұсынған халық бірлігі идеясы жаңа ғасырда да өз маңызын жоймай, жаңа міндеттерді алға тартып отыр. Бұл тәуелсізде еркін елдің ұрпақтарының міндеті.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Қабдошев, Б. Батыс Алашорда көсемі Ғұбайдолла Әлібеков: кеңес дәуіріндегі қызметі / Б. Қабдошев // Қазақ тарихы. - 2018. - № 7 (164). - Б. 40-41.
- 2 Saktaganova, Z.G. The Alash Party: Historiography of the Movement / Z. G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Ilyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.
- 3 Бейсенбекова, Н. А. Әлихан Бөкейхан - ұлт мақтанышы / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л. К. Шотбакова. - Қарағанды: Гласир, 2016. - 198 б.
- 4 Боранбаева, Б. С. Алаш арыстарының өнегесі жас ұрпақ тәрбиесінің негізі / Б.С. Боранбаева // Ақжайықтың Алаш арыстары. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 169-175
- 5 Бөкейхан, А. Шығармалары / А. Бөкейхан. - Астана: Сарыарқа, 2016. – Т. VIII. – Б. 600
- 6 Auanassova, A. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts / A. Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N. Mukhlissova // Ancient Asia. - 2021. - Vol. 12. - P. 1-8.
- 7 Аймағанбетұлы, Р. Ә. Бөкейхановтың әлеуметтік-саяси көзқарастары / Р. Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. – 2018. – № 8 (165). - Б. 40-41.
- 8 Tursun, Kh. The history of the Alash movement in the context of the ‘empire of positive action’ / Kh. Tursun, N. Gumus, K. Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – P. 45-51
- 9 Аймағанбетұлы, Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі / Р. Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. - 2018. - № 4. - Б. 49-51.
- 10 Ақанов, Ә. Алашорда қайраткерлерінің ұлттық руханиятқа тигізген әсері / Ә. Ақанов // Ақиқат. - 2013. - № 11. - Б. 108-110.
- 11 Бірімжаров, Б. Алашорда тарихы оған бөкейлік тарихи тұлғалардың қатынасуы / Б. Бірімжаров // Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым: респ. ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. – Орал: Полиграфсервис. - 2008. – Б. 55-65
- 12 Жақсығалиев, Ж. Алаш арыстары: тарих һәм тағылым / Ж. Жақсығалиев // Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. – Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 43-50
- 13 Қопаев, Б. Қазақтың өз алдына ел болғанын көремізба / Б. Қопаев // Ақжайықтың Алаш арыстары. – 2017. Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 7-13
- 14 Рахметуллин, Е. Алашорда және земстволық басқару жүйесі тарихи деректерде / Е. Рахметуллин // Отан тарихы. - 2020. - № 1. – Б. 97.
- 15 Рысбеков, Т.З. Батыс Қазақстандағы Алаш зиялылары / Т.З. Рысбеков, С.Т. Рысбекова // Ақиқат. – 1998. - № 6. – Б. 96.
- 16 Сәулембекова, М. Ғабдолғазиз Мұсағалиев / М. Сәулембекова // Қазақ тарихы. - 2001. - № 1. – Б. 46-49
- 17 Аймағанбетұлы, Р. «Алаш қозғалысының» қайнар көзі және білім мәселесі / Р. Аймағанбетұлы // Қазақ тарихы. – 2018. - № 4. – Б. 49-51.
- 18 Сулейменова, Д. Д. Жаһанша Досмухамедов - Күнбатыс Алашорда мемлекетінің жетекшісі / Д. Д. Сулейменова // Ақжайықтағы Алаш іздері. – 2017. Орал: Чапаев ауылы. - 2017. – Б. 26-3
- 19 Шәріпқали, Т. Өлкеден шыққан қазақ оқығандары / Т. Шәріпқали // Орал өңірі. – 2000. – № 30. Mikhail, S. Alash-Orda in the Context of National Movements in Asian Russia 1917-1920 / S. Mikhail // Istoriya. – 2019. – Т. 10. – P. 1-9.
- 20 Kesici, Ö. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity / Ö. Kesici // Nationalities Papers. July – 2017. Vol. 45. – P. 1136-1149

## REFERENCES

- 1 Kabdoshev, B. Batys Alashorda kosemi Gubaidolla Alibekov: kenes daurindegi kyzmeti / B. Kabdoshev // Kazak tarikhy. - 2018. - № 7 (164). - B. 40-41.
- 2 Saktaganova, Z.G. The Alash Party: Historiography of the Movement / Z. G. Saktaganova, B. K. Omarova, K. M. Ilyassova, Z. N. Nurligenova, B. Zh. Abzhapparova, A. Zh. Zhalmurzina // Space and Culture. – 2020. – Iss. 7:4.
- 3 Beisenbekova, N. A. Alikhan Bokeikhan - ult maktanyshy/N.A. Beisenbekova, G.M.Smagylowa, L. K. Shotbakova. - Karagandy: Glasir, 2016. - 198 b.
- 4 Boranbaeva, B. S. Alash arystarynyn onegesi zhas urpak tarbiesinin negizi /B.S.Boranbaeva // Akzhaiyktyn Alash arystary. – Oral: Chapaev auyly. – 2017. – B. 169-175
- 5 Bokeikhan, A. Shygarmalary / A. Bokeikhan. - Astana: Saryarka, 2016. – T. VIII. – B.600
- 6 Auanassova, A. The History of the Alash Party in the Context of the Impact on the Processes of Constitutional Acts / A. Auanassova, E. Nurpeisov, K. Auanassova, G. Kushenova, N.Mukhlissova // Ancient Asia. – 2021. - Vol. 12. – P. 1- 8.
- 7 Aïmaranbetuly, R. Ә. Bokeikhanovtyn aleumettik-sayasi kozkarastary / R.Aïmaranbetuly // Kazak tarikhy. – 2018. - № 8 (165). – B. 40-41.
- 8 Tursun, Kh. The history of the Alash movement in the context of the ‘empire of positive action’/ Kh. Tursun, N. Gumus, K. Bazrbayev, G. Zhorayeva, S. Kurmanalin // Asian and African Studies. – 2021. - № 1. - Vol. 30. – P. 45-51
- 9 Ajmaranbetuly, R. «Alash kozgalysynyn» kainar kozi zhane bilim maselesi /R.Aïmaranbetuly // Kazak tarikhy. – 2018. - № 4. – B. 49-51.
- 10 Akanov, Ә. Alashorda kairatkerlerinin ulttyk rukhaniyatka tigizgen aseri/Ә. Akanov //Akikat. – 2013. - № 11. – B. 108-110.
- 11 Birimzharov, B. Alashorda tarikhy ogan bokeilik tarikhi tulgalardyn katynasuy /B.Birimzharov // Alash kozgalysy: teoriya, tarikh, tagylım: resp. gylimi-tazhiribelik konf. materialdary. – Oral: Poligrafservis. – 2008. – B. 55-65
- 12 Zhaksyraliev, ZH. Alash arystary: tarikh ham tagylım / Zh. Zhaksygaliev // Akzhaiyktagy Alash izderi. – 2017. – Oral: Chapaev auyly. – 2017. – B. 43-50
- 13 Kopaev, B. Kazaktyn oz aldyna el bolganyn koremizba / B. Kopaev // Akzhaiyktyn Alash arystary. – 2017. Oral: Chapaev auyly. – 2017. – B. 7-13
- 14 Rakhmetullin, E. Alashorda zhane zemstvolık baskaru zhuiesi tarikhi derekterde /E.Rakhmetullin // Otan tarikhy. – 2020. - № 1. – B. 97.
- 15 Rysbekov, T. Z. Batys Kazakstandagy Alash ziyalylary / T. Z.Rysbekov, S. T. Rysbekova // Akikat. – 1998. - № 6. – B. 96.
- 16 Saulembekova, M. Gabdolgaziz Mysagaliev / M. Saulembekova // Kazak tarikhy. – 2001. - № 1. – B. 46-49
- 17 Aïmaganbetuly, R. «Alash kozgalysynyn» Kainar kozi zhane bilim maselesi /R.Aïmaganbetuly // Kazak tarikhy. – 2018. - № 4. – B. 49-51.
- 18 Suleïmenova, D.D. Zhahansha Dosmukhamedov-Kunbatys Alashorda memleketinin zhetekshisi / D. D. Suleïmenova // Akzhaiyktagy Alash izderi. – 2017. Oral: Chapaev auyly. – 2017. – B. 26-32
- 19 Hagipkali, T. Olkeden shykkan kazak okygandary / T. Shagipkali // Oral oniri. – 2000. – № 30.
- 20 Mikhail, S. Alash-Orda in the Context of National Movements in Asian Russia 1917-1920 /S. Mikhail // Istoriya. – 2019. – T. 10. – P. 1-9.
- 21 Kesici, O. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity/ O.Kesici //Nationalities Papers. July – 2017. Vol. 45. – P. 1136-1149

## РЕЗЮМЕ

В статье представлена обширная научная информация о жизни представителей западного отделения партии «Алаш», в том числе и выходцев из Букеевской Орды, раскрыта их политическая и общественная деятельность. Основная задача движения «Алаш» - борьба за свободу и создание национального государства для защиты национальных интересов в условиях колониального гнета. По общему пониманию национальной интеллигенции, поддерживающего национальный интерес в условиях колониального гнета, главным

показателем развития казахского народа на равных с народами мира, было создание национального государства. Отмечено, что казахская молодежь, обучавшаяся в Букеевской Орде, под влиянием национально-демократического возрождения того времени включилась в общественно-политическую жизнь, создала первые культурно-просветительские организации. Особое внимание уделено интеллигенции, всесторонне и глубоко осознававшего изменения в обществе и их роли в пробуждении национального самосознания казахского народа.

УДК 372.881.111.1  
МРНТИ14.07.09

**Бисалиева Н. С.**, старший преподаватель, **основной автор**, <https://orcid.org/0000-0002-4171-0848>

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, 090009, Казахстан, [nurbikebisalieva@mail.ru](mailto:nurbikebisalieva@mail.ru)

**Bissaliyeva N. S.**, Senior lecturer, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-4171-0848>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, [nurbikebisalieva@mail.ru](mailto:nurbikebisalieva@mail.ru)

**ПРИМЕНЕНИЕ ИГР ПРИ ОБУЧЕНИИ ИДИОМ НА ЗАНЯТИЯХ  
АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НЕЯЗЫКОВОМ ВУЗЕ  
GAMES IN TEACHING IDIOMS AT ENGLISH CLASSES  
INNON-LINGUISTIC UNIVERSUTY**

**Аннотация**

Английский язык, без сомнения, развивается на протяжении многих лет и по праву считается мировым языком. Это стало возможным благодаря его уникальности, в особенности изобилием идиом. Идиомы придают языку яркость, а также заставляют задуматься и понять, что имеется в виду и этот факт вызывает у студентов любопытство к изучению идиом. Идиомы существуют во всех языках и широко используются носителями всех языков во всем мире. Обучение студентов идиомам является сложной задачей для преподавателей, которые придерживаются традиционных методов обучения, поэтому в этой статье делается попытка исследовать новые способы обучения идиомам через онлайн-игры. Основная цель этой статьи — поделиться результатами небольшого эксперимента, основанного на использовании идиом в диалогах после изучения их в игровом формате, чтобы усовершенствовать коммуникативные навыки студентов. Эксперимент проводился в ЗКАТУ имени Жангир хана с одной группой факультета экономики, информационных технологий и профессионального образования. Для осуществления цели эксперимента использовались онлайн игры, диалоги, интервью и устные беседы. Результаты показали, что, изучая и используя идиомы в устной речи, студенты смогли расширить свои знания об идиомах, увеличить свой словарный запас и улучшить свои коммуникативные навыки.

**ANNOTATION**

English language, without a doubt, has been developing over the years and is rig considered as the world language. This was made possible by its uniqueness, especially by the abundance of the idiom. Idioms add color to the language, as well as make you think and understand what is meant, and this fact makes students curious about the studying idioms. They can be found and widely used in all languages around the world. Teaching idioms for students is an interesting activity for educators who pursue exploratory teaching methods, so this article attempts to find new research on idioms through online games. The main purpose of this article is to share the results of a small experiment based on the use of idioms in dialogues. Firstly it was studying them in a game format in order to improve students' communication skills. The experiment was carried out at Zhangir Khan WKATU with one group of the Economics, Information Technology and Vocational Education Faculty. Online games, dialogues, interviews and oral conversations were used to achieve the goal of the experiment. The